



Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.,

2025 жылғы 30 сәуір

KASE Басқармасының құрамындағы өзгеріс

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – KASE, Биржа) шешімімен KASE Басқармасының құрамына өзгеріс енгізілді:

- Гришко Михаил Валерьевич 2026 жылғы 01 шілдеге дейінгі өкілеттік мерзімімен 2025 жылғы 02 мамырдан бастап Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына сайланды.
- Қуанышбеков Елдос Маратұлының IT жөніндегі басқарушы директор, Биржа Басқармасының мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2025 жылғы 30 сәуірден бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Михаил Гришконың қор нарығы мен қаржы инфрақұрылымы саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар. Бұрын "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарған, онда әр жылдары тіркеу және депозитарлық операцияларды, банктік сервистерді, корпоративтік іс-қимылдарды, фронт-офисті, сондай-ақ ақпараттық технологиялар бөлімшелерін қоса алғанда, қызметтің негізгі бағыттарына жетекшілік еткен.

Оның басшылығымен қызметтің жаңа бағыттарын іске қосу, ішкі процестерді цифрландыру, басқарудың икемді әдіснамаларын (agile) енгізу, өнімдер моделін дамыту және клиенттік тәжірибені жаңғырту бойынша ауқымды жобалар іске асырылды. Сондай-ақ ол сыртқы сын-қатерлер мен трансформациялар кезеңінде IT инфрақұрылымының тұрақты жұмысын қамтамасыз етті, кросс-функционалдық командалардың қызметін үйлестірді және мемлекеттік және бөлшек сауда сегменттерін қоса алғанда, клиенттер үшін жаңа цифрлық сервистерді енгізді.

2017-2019 жылдар аралығында Михаил Гришко "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымында жұмыс істеді, онда клиенттік сервистерді дамытуға және компанияның Орталық депозитариймен интеграцияға дайындығы үшін жауап берді.

Михаил Гришко өзінің кәсіби жолын Қазақстан қор биржасында бастады, онда әзірлеушіден бастап сәулет және сауда жүйелерін дамытуға жауапты бағыттардың басшысына дейін өсті.

Ол жаңа сауда платформалары мен есептік модельдерді іске қосуды қоса алғанда, негізгі инфрақұрылымдық шешімдерді әзірлеуге және енгізуге, сондай-ақ пайдаланушыларды тестілеу және техникалық қолдау процестерін ұйымдастыруға қатысты.

Михаил Гришко – IT, қаржы жүйелерінің архитектурасы және нарықтық инфрақұрылым саласында терең білімі бар, техникалық сарапшылығын ауқымды ұйымдастырушылық өзгерістер жағдайында стратегиялық басқару жөніндегі тәжірибесімен ұштастыра алған білікті маман.

2025 жылғы 02 мамырдан бастап KASE Басқармасы бес адамнан тұрады:

- Әділ Нұрланұлы Мұхамеджанов, Басқарма төрағасы;
- Дана Мұратбекқызы Аманжолова, Басқарма төрағасының орынбасары;

- Ермек Болатұлы Мәжекенов, Басқарма төрағасының орынбасары;
- Жайнар Наурызбайұлы Саржақов, Басқарма төрағасының орынбасары;
- Михаил Валерьевич Гришко, Басқарма төрағасының орынбасары.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акциялары нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен төртінші орында.

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.